



**«Мега Кредит микроқаржы ұйымы» ЖШС
микрокредит беру қағидалары**
(«МҚҰ Мега Кредит» ЖШС қатысушылары жиналысының 2025 жылғы 16 маусымдағы
шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулармен)

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы «Мега Кредит микроқаржы ұйымы» ЖШС микрокредит беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (бұдан әрі – Азаматтық кодекс), «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ «Мега Кредит микроқаржы ұйымы» ЖШС (бұдан әрі – МҚҰ) ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді;

1.2. Қағидалар МҚҰ-ның микрокредит беру тәртібін регламенттеу мақсатында әзірленді және келесі ақпаратты қамтиды:

- қарыз алушыларға қойылатын жалпы талаптар;
- микрокредит беру шарттары, микрокредитті қолға беру;
- Микрокредит алу туралы өтініш-сауалнаманы ұсыну тәртібі және оны қарау тәртібі;
- микрокредит беруден бас тарту негіздері;
- Микрокредит беру туралы шарт жасасу тәртібі;
- микрокредиттің шекті сомалары мен беру мерзімдері;
- берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары;
- берілген микрокредиттер бойынша сыйақы төлеу тәртібі;
- микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу ережелері;
- микрокредиттерді өтеу әдістері, микрокредиттер бойынша төлем жасау тәртібі;
- кредиттік дерекнаманы қалыптастыру;
- мониторинг;
- микрокредит берудің қолданыстағы шарттарына өзгерістер енгізу тәртібі, мерзімі өткен берешекпен жұмыс;
- Микрокредит беру туралы шартты мерзімінен бұрын бұзу тәртібі;
- Микрокредит беру туралы шартты жабу тәртібі;
- микрокредит қатысушыларының құқықтары мен міндеттері;
- дербес деректер;
- микрокредит берудің құпиясы;
- микрокредитті электрондық тәсілмен беру кезіндегі жеке кабинет жұмысының рәсімдері;

1.3. МҚҰ микрокредит беру туралы шартта айқындалатын микрокредитті ақылылық, қайтарымдылық, мерзімділік талаптарымен және басқа да шарттармен береді;

1.4. МҚҰ микрокредитті Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен:

1) республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 20 000 еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде;

2) республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 45 еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде күнтізбелік 45 күнге дейінгі мерзімге береді;

1.5. Осы Қағидалар ашық ақпарат болып саналады және коммерциялық құпия нысанасы болып саналмайды, Клиенттерге жақсы көрінетін орындарға, соның ішінде МҚҰ qaryzzaim.kz интернет-ресурсына орналастырылады.

1.6. Осы Қағидаларда келесі анықтамалар пайдаланылады:

1.6.1. Аутентификация – Клиенттің, электрондық хабарламалардың және өзге де құжаттардың, соның ішінде микрокредит беру үшін қажетті, сондай-ақ Клиентті және оның еркін айқындайтын құжаттардың электрондық көшірмелерінің түпнұсқалығын тексеру рәсімі;

1.6.2. Биометриялық сәйкестендіру – адамның жеке басын физиологиялық және биологиялық өзгермейтін белгілеріне сүйеніп сәйкестендіретін шаралар кешені;

1.6.3. Верификация – алынған біржолғы SMS-кодты енгізу арқылы қызметтерді алу құқығын түпкілікті растау мақсатында Клиенттің телефон нөмірін растауға бағытталған іс-қимылдар кешені.

1.6.4. Сыйақы – Микрокредит беру туралы шарттың талаптарына және МҚҰ белгілеген өтеу тәртібіне сәйкес негізгі борышқа қоса пайыз түрінде айқындалып ұсынылатын микрокредит үшін берілетін төлем;

1.6.5. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі (бұдан әрі – ЖТСМ) – микрокредит бойынша сыйақыны қамти отырып, Қарыз алушының микрокредит бойынша төлем жасау шығындарын ескере отырып, Микрокредит беру туралы шарт бойынша анық, жылдық, тиімді, салыстырмалы түрде есептелетін сыйақы мөлшерлемесі;

1.6.6. Микрокредит беру туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) – осы Қағидаларға сәйкес ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен Клиентке микрокредит беру үшін МҚҰ мен Клиент арасында жасалатын жазбаша келісім;

1.6.7. Клиент – МҚҰ-ға микрокредит алу туралы өтініш берген (өтініш беруге ниеттенген) жеке тұлға;

1.6.8. Қарыз алушы – МҚҰ-мен шарт жасасқан, 18 жасқа толған және 72 жастан аспаған жеке тұлға;

1.6.9. Сәйкестендіргіш – жеке кабинетке кіру үшін Клиентке/Қарыз алушыға берілетін цифрлық, әріптік немесе өзге де таңбалары бар код;

1.6.10. Кредиттік дерекнама – кредиттік тарихтың субъектісі туралы ақпарат жиынтығы;

1.6.11. Кредиттік скоринг – статистикалық сан әдістерімен есептелетін, Клиенттің/Қарыз алушының кредит өтеу қабілетін (кредиттік тәуекелдер) автоматтандырылған түрде бағалау жүйесі;

1.6.12. Жеке кабинет – МҚҰ мен Клиент/Қарыз алушы арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін автоматтандырылған ақпараттық жүйенің қорғалған көпфункционалы сервисі;

1.6.13. Логин – Клиенттің/Қарыз алушының qaryzzaim.kz сайтындағы цифрлармен көрсетілген есептік жазбасының аты;

1.6.14. Микрокредит – МҚҰ-ның Қарыз алушыға Шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында және МҚҰ ішкі нормативтік құжаттарында айқындалған мөлшерде және тәртіппен ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен беретін ақшасы;

1.6.15. МҚҰ – коммерциялық ұйым болып саналатын, ресми мәртебесі әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өту арқылы және қолданыстағы лицензиясымен айқындалатын, микрокредиттер беру жөніндегі қызметті, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында рұқсат етілген қызметтің қосымша түрлерін жүзеге асыратын заңды тұлға;

1.6.16. Мобильді қосымша – ұялы байланыстың абоненттік құрылғысында пайдаланылатын және ұялы байланыс немесе Интернет қызметтері арқылы жеке кабинетке қол жеткізуді қамтамасыз ететін бағдарламалық өнім. Мобильді қосымша арқылы көрсетілетін қызметтер тек қосымша арқылы ұсынылады;

1.6.17. АЕК – Қазақстан Республикасының «Республикалық бюджет туралы» Заңында тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіш;

1.6.18. ЕТЖ – мөлшері Қазақстан Республикасының «Республикалық бюджет туралы» Заңында тиісті қаржы жылына жыл сайын белгіленетін ең төменгі жалақы;

- 1.6.19. Телефон нөмірі – qaryzzaim.kz Интернет-ресурсында Верификациядан өту және/немесе Тіркелу кезінде Клиент көрсеткен, Клиент/Қарыз алушы Жеке кабинетке кіру үшін, сондай-ақ SMS-сұрауларды жіберу және SMS-хабарламаларды алу үшін пайдаланатын телефон нөмірі;
- 1.6.20. Код/SMS – әмбебап код – Клиенттің/ Қарыз алушының сұрауы бойынша бағдарламалық-техникалық құралдарда құрылатын, МҚҰ Клиенттің/ Қарыз алушының телефон нөміріне SMS-хабарлама(лар) құрамында жолдайтын және Клиенттің/ Қарыз алушының Верификациядан, сәйкестендіруден өткенін растауға арналған және Клиенттің/ Қарыз алушының qaryzzaim.kz Интернет-ресурсындағы электрондық қызметтерге өтуіне рұқсат беруге, сондай-ақ микрокредит алу және Шартқа қол қою мақсатында дербес деректерін өңдеуге келісімін алуға негіз болатын электрондық цифрлық символдар тізбегі;
- 1.6.21. Құпиясөз – жеке кабинетке кіру үшін Клиентке/Қарыз алушыға берілетін цифрлық, әріптік немесе өзге де символдары бар код;
- 1.6.22. КЖҚ/ТҚ – қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл;
- 1.6.23. Өнім – Қағидаларда белгіленген шекті шамалар мен мәндер шеңберінде Шарттың елеулі тармақтарын қамтитын МҚҰ-ның микрокредит беру талаптары;
- 1.6.24. Тіркелу – Клиенттің құпиясөз алуға және алынған құпиясөзді qaryzzaim.kz Интернет-ресурсына енгізуге бағытталған іс-қимылдарының жиынтығы;
- 1.6.25. МҚҰ сайты – qaryzzaim.kz;
- 1.6.26. Артық төлем сомасы – микрокредит нысанасын қоспай, сыйақы, тұрақсыздық айыбы (өсімпұл) сомасын қоса алғанда, Қарыз алушының Шарт бойынша төлейтін барлық сомасы;
- 1.6.27. Терминал – микрокредиттер беруге байланысты операцияларды жүзеге асыруға арналған электрондық-механикалық құрылғы;
- 1.6.28. Уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;
- 1.6.29. МҚҰ уәкілетті тұлғасы – өзіне берілген өкілеттіктер шеңберінде және МҚҰ бекіткен өкімдік және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес микрокредит беру бойынша шешімдерді қабылдайтын МҚҰ қызметкері;
- 1.6.30. МҚҰ уәкілетті органы – өзіне берілген өкілеттіктер шеңберінде және МҚҰ бекіткен өкімдік және/немесе ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес микрокредит беру бойынша шешімдерді қабылдайтын МҚҰ органы;
- 1.6.31. Өтініш-сауалнама – Өтініш берушінің МҚҰ белгілеген нысанда рәсімделген осы Қағидаларда баяндалған талаптарға сәйкес Шарт жасасу туралы ұсынысы немесе Микрокредит мерзімін ұзарту туралы ұсынысы;
- 1.6.32. ЕТҚ – Қазақстан Республикасының «Республикалық бюджет туралы» Заңында тиісті қаржы жылына жыл сайын инфляцияны ескере отырып белгіленеді;
- 1.6.33. БЖК – борыштық жүктеме коэффициенті, Өтініш берушінің/ Қарыз алушының барлық өтелмеген микрокредиттері, Қарыз алушының қаржы ұйымдарындағы қарыздары бойынша міндеттемелерінің шамасы ретінде анықталады, оған мерзімі өткен төлемдер мен оның орташа айлық кірісіне қатысты туындайтын берешек бойынша орташа айлық төлем сомасы қосылады. МҚҰ Қарыз алушының кредиттік қабілеттілігін бағалаудың өзіндік жүйесі негізінде Қарыз алушының борыштық жүктемесін дербес айқындайды;
- 1.6.34. Орташа айлық кіріс – Қарыз алушының соңғы алты айдағы жалақысының және (немесе) кірістерінің өзге түрлерінің алтыға бөлінген арақатынасы ретінде есептеледі. Атаулы әлеуметтік көмек алушының кірісін бағалау оның тек ресми кірістеріне сүйеніп айқындалады.
- 1.6.35. Сәйкестендіру деректерін алмасу орталығы (СДАО) – клиенттерді сәйкестендіру рәсімдерін жүргізу үшін қолжетімді дерек көздерінен клиенттер деректерін алмасу бойынша қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін ақша аударымдарының банкаралық жүйесінің операциялық орталығы;

2. МИКРОКРЕДИТ АЛУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ-САУАЛНАМАНЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ ТӘРТІБІ

2.1. Qaryzzaim.kz интернет-ресурсына қол жеткізу qaryzzaim.kz сайтына қорғалған HTTPS протоколы бойынша қосылу арқылы жүзеге асырылады. Qaryzzaim.kz интернет-ресурсындағы мекенжай МҚҰ-ға тиесілі. МҚҰ qaryzzaim.kz интернет-ресурсы сервистерін пайдаланушыларға олардың дербес және төлем деректерінің қорғалатынына кепілдік береді.

2.2. Микрокредиттерді МҚҰ келесі ретпен береді:

2.2.1. Клиент Өтінішті жолдамас бұрын осы Қағидалармен және МҚҰ qaryzzaim.kz сайтында орналасқан дербес деректерді өндеуге қатысты Саясатпен танысып шығуға міндетті.

2.2.2. Микрокредит алуға ниеттенген Клиент Сайтта және/немесе мобильді қосымшада (егер бар болса) және/немесе Терминалдарда (техникалық мүмкіндігі болған жағдайда) тіркеліп, өзінің Жеке кабинетін құруы тиіс;

2.2.3. Клиент Жеке кабинетке сәйкестендіруден және аутентификациядан өткеннен кейін өте алады. Клиентті сәйкестендіру және аутентификация үшін МҚҰ келесі тәсілдердің бірін қолданады: СДАО қызметтерін пайдалану арқылы биометриялық сәйкестендіру немесе МҚҰ құрылғылары және Клиент ЭЦҚ көмегімен алынған биометриялық деректер;

2.2.4. Клиент Жеке кабинетте тіркелгеннен кейін Клиент жеке кабинетке келесіде біржолғы құпиясөздерді (сәйкестендіргіш) пайдалана отырып, құпиясөздерді генерациялау және (немесе) енгізу арқылы өте алады;

2.3. Жеке кабинетте тіркелу үшін Клиент – жеке тұлға келесі деректерді енгізеді (бекітіп қояды):

2.3.1. Клиенттің жеке басын куәландыратын құжат (өтініш берушінің жеке басын куәландыратын, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, туған күні, құжат нөмірі, құжатты берген орган, берілген күні және құжаттың қолданылу мерзімі көрсетілген құжат туралы ақпарат);

2.3.2. Клиенттің БЖК мәнін есептеу үшін қажетті құжаттар (екінші деңгейдегі банктің берген үзіндісі, зейнетақы аударымдары; зейнетақы төлемдері) және ақпарат (1 және одан көп ЕТЖ (ең төменгі жалақы) мөлшеріндегі микрокредиттер үшін);

2.2.3. Ұялы байланыс құрылғысының абоненттік нөмірі және бет әлпетінің ақшыл фонда, қалыпты, аузы жабық күйде, алға қарап түскен фотосуреті;

2.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында және МҚҰ ішкі құжаттарында көзделген микрокредит беру үшін қажетті сауалнамада (оның ішінде өтініш-сауалнамада) көрсетілген өзге де құжаттар мен мәліметтер;

2.4. Клиенттің тіркелгенін растау үшін МҚҰ Клиент – жеке тұлға ұсынған келесі деректерді салыстырып тексереді: клиенттің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі және фотосуреті;

2.5. МҚҰ микрокредит бергенге дейін:

2.5.1. Қазақстан Республикасының КЖК/ТҚ саласындағы заңнамасына және ішкі құжаттарға сәйкес Клиентке тиісті тексеру жүргізеді;

2.5.2. Клиентке микрокредитті алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер мен аударымдар, есептелген сыйақы мөлшерлемесі, мөлшері және сомасы туралы толық және анық ақпарат береді;

2.5.3. Клиентке оның микрокредит алуға байланысты құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;

2.6. Клиент МҚҰ бөлімшесінде ұсынылған құжаттарды (соның ішінде өтініш-сауалнаманы) тексеру кезінде немесе МҚҰ интернет-ресурсында Жеке кабинетте өтініш қалдырған кезде кредиттік бюроға, соның ішінде «Мемлекеттік кредиттік бюро» (бұдан әрі – МКБ) АҚ-ға, «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС-ға (бұдан әрі – «БКБ» ЖШС), «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация» коммерциялық емес акционерлік

қоғамға (бұдан әрі – «Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕАҚ) Клиент туралы ақпарат ұсынуға және алуға, дербес деректер мен кірістерді анықтайтын мәліметтерді, АӨК есебін, сондай-ақ қажет болған жағдайда МҚҰ ішкі талаптарына сәйкес қосымша құжаттарды жария етуге және алуға автоматты түрде өзінің келісімін береді.

2.7. Микрокредиттерді МҚҰ бөлімшесінде немесе электрондық тәсілмен беру МҚҰ бөлімшесінде немесе электрондық түрде ұсынылған, Клиентке микрокредитті электрондық тәсілмен беруге негіз болған мәліметтердің мазмұнынан бұрмалау және (немесе) өзгерістерді анықтауды, сондай-ақ микрокредит беру құпиясын және осы ақпараттың тұтастығын рұқсатсыз қол жеткізуден, соның ішінде микрокредит алу кезінде клиент ұсынатын сәйкестендіру және аутентификация деректерін қайтадан рұқсатсыз пайдаланудан қорғауды көздейтін МҚҰ ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

2.8. Микрокредит беру үшін жүгінген кезде Клиент өзінің әрекетке қабілеттілігінен айырылмағанын және шектелмегенін, қорғаншылыққа, қамқоршылыққа және патронажға алынбағанын ауызша растайды.

2.9. Клиент МҚҰ бөлімшесінде немесе МҚҰ интернет-ресурсында микрокредит алуға қызығушылық танытқан жағдайда, МҚҰ кредиттік консультанты Клиентке микрокредит алу туралы өтініш-сауалнаманы беру үшін қажетті құжаттар және/немесе ақпарат тізбесін ұсынады, сондай-ақ микрокредит алу туралы өтініш-сауалнаманы толтыру үшін қажетті ақпаратты сұратады.

2.10. Микрокредит алу туралы өтінім мақұлданған жағдайда Шартқа қол қою үшін Клиенттің өтініш-сауалнамада көрсетілген телефон нөміріне әмбебап коды бар sms-хабарлама жіберіледі.

2.11. Микрокредит алу туралы өтініш-сауалнамаға қол қоя отырып, Клиент/Қарыз алушы осы Қағидалармен танысқанын және келісетінін растайды.

3. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТТЫ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

3.1. Шарт Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасының талаптарын ескере отырып жасалады және мәміленің жазбаша нысанына жатады. Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады;

3.2. Азаматтық кодекстің 389-бабына сәйкес қосылу талаптарымен Шарт жасасу кезінде қосылу туралы өтініш Шарттың титулдық парағына теңестіріледі. Қосылу туралы өтініш, микрокредит беру туралы шарттың үлгілік нысаны тек бірыңғай құжат ретінде қарастырылады және микрокредит беру туралы шарт болып саналады. Қарыз алушы Қосылу туралы өтініш талаптары микрокредит беру туралы шарттың үлгілік нысанында айқындалған Шарттың бір бөлігі болып саналатынын растайды.

3.3. Шарт жасасу МҚҰ бөлімшесінде немесе Жеке кабинетте Клиенттің/Қарыз алушының ЭЦҚ-мен қол қоюы арқылы немесе Қарыз алушының телефон нөміріне SMS-хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырылады.

3.4. Шарт бойынша ақпарат міндетті түрде мемлекеттің қатысуымен құрылған кредиттік бюроға ұсынылуы тиіс.

3.5. Шарт ақша Қарыз алушының шотына келіп түскен сәттен бастап күшіне енеді және Қарыз алушы осы Шарт бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданыста болады.

3.6. МҚҰ микрокредиттерді Клиенттің/Қарыз алушының МҚҰ сайтындағы Жеке кабинеті арқылы қолма-қол ақшасыз тәртіппен электрондық тәсілмен және сату орындарында қолма-қол ақша түрінде ұсынады.

3.7. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей, Микрокредитті толық мерзімінен бұрын және ішінара мерзімінен бұрын өтеуге рұқсат етіледі.

4. МИКРОКРЕДИТТІҢ ШЕКТІ СОМАЛАРЫ МЕН БЕРУ МЕРЗІМДЕРІ

4.1. Микрокредит берудің шекті сомалары:

- 1) бір Қарыз алушыға кез келген Өнімнің шарттары бойынша берілетін Микрокредиттің ең төменгі сомасы - 5 000 (бес мың) теңгені құрайды;
- 2) Микрокредиттің ең жоғары сомасы әрбір Қарыз алушы үшін жеке тәртіппен белгіленеді, алайда республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген 20 000 АЕК-дан аспауы тиіс.

4.2. Микрокредит берудің шекті мерзімдері келесідей:

- 1) Микрокредиттің ең қысқа мерзімі – күнтізбелік 45 күнге дейін;
- 2) Микрокредиттің ең ұзақ мерзімі – қолданыстағы заңнамада көзделген мерзім.

5. СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІНІҢ ШЕКТІ ШАМАЛАРЫ

5.1. Жеке тұлғамен күнтізбелік 45 күнге дейін жасалған Шарт бойынша сыйақының шекті мәні «Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерлерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы № 62 қаулысына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 19 тамыздағы № 45 бірлескен қаулысына сәйкес белгіленген.

5.2. Жеке тұлғамен республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген 20 000 АЕК-дан аспайтын сомаға жасалған Шарт бойынша сыйақының шекті мәні МҚҰ ішкі құжаттарына сәйкес белгіленеді.

6. БЕРІЛГЕН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

6.1. Сыйақы төлеу тәртібі бойынша міндеттемелерді орындау Өнім талаптарына сәйкес және Шартқа сәйкес жүзеге асырылады. Сыйақы белгілі бір сомада немесе пайыз түрінде көрсетілуі мүмкін. МҚҰ өз қалауы бойынша сыйақы мөлшеріне жеңілдіктер беруге құқылы.

6.2. Микрокредит мерзімінен бұрын өтелгенде немесе төлем кешіктірілген жағдайда – сыйақы микрокредит пайдаланылған нақты күндер үшін төленеді.

6.3. Қарыз алушы Микрокредитті алған күні оны толық өтеген жағдайда, 1 күнтізбелік күн үшін сыйақы сомасын ұстап қалуға өзінің келісімін береді.

7. ҚАБЫЛДАНАТЫН ҚАМСЫЗДЫҚҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

7.1. Осы Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемелерін орындауы Шартта көзделген тұрақсыздық айыбымен (айыппұл, өсімпұл) қамтамасыз етіледі.

7.2. Микрокредит сомасын қайтару және (немесе) Шарт бойынша сыйақы төлеу міндеттемесі бұзылған жағдайдағы тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) мөлшері мерзімі өткен тоқсан күн ішінде әр кешіктірілген күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,5 пайызынан аспауы тиіс, ал мерзімі өткен тоқсан күннен кейін әр кешіктірілген күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,03 пайызынан, алайда микрокредит беру туралы шарттың қолданыстағы әр жылы үшін микрокредит берілген соманың он пайызынан аспауы тиіс.

8. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ТИІМДІ СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН ЕСЕПТЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ

8.1. Қағидалардың мақсаттары үшін ЖТСМ дегеніміз Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 26 қарашадағы № 208 қаулысымен бекітілген Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу қағидаларына сәйкес есептелетін анық, жылдық, тиімді, салыстырмалы сыйақы мөлшерлемесі ретінде түсіндіріледі.

8.2. Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі келесі формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{tj/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{ti/365}}$$

мұндағы:

- n - қарыз алушыға берілген соңғы төлемнің реттік нөмірі;
- j - қарыз алушыға берілген төлемнің реттік нөмірі;
- S_j - қарыз алушыға берілген j-ші төлем сомасы;
- APR - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;
- tj - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушыға j-ші төлем жасалған сәтке дейінгі уақыт кезеңі (күн);
- m - қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;
- i - қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі;
- P_i - қарыз алушының i-ші төлемінің сомасы;
- ti - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушының i-ші төлемі жасалған сәтке дейінгі уақыт кезеңі (күн);

8.3. Егер ЖТСМ есептеу кезінде алынған сан бір ондық таңбадан үлкен болса, ол келесі түрде оннан бір бөлігіне дейін дөңгелектенуі тиіс:

- 1) егер жүзден бір бөлігі 5-тен үлкен немесе оған тең болса, оннан бір бөлігі 1-ге артады, одан кейінгі барлық таңбалар алынып тасталады;
- 2) егер жүзден бір бөлігі 5-тен кіші болса, оннан бір бөлігі өзгеріссіз қалады, одан кейінгі барлық таңбалар алынып тасталады.

8.4. Микрокредит бойынша ЖТСМ есептемесіне Қарыз алушының Шарттың негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу жөніндегі талаптарын сақтамауына байланысты туындаған төлемдерін (өсімпұлды, айыппұлды) қоспағанда, Қарыз алушының барлық төлемдері енгізіледі.

9. МИКРОКРЕДИТТІ ҚОЛҒА БЕРУ ЖӘНЕ ӨТЕУ ӘДІСТЕРІ

9.1. МҚҰ Клиентке микрокредит беру туралы оң шешім қабылдаған жағдайда, МҚҰ Қарыз алушыға микрокредитті келесі тәсілдермен ұсынады:

- 9.1.1. Өтініш электрондық тәсілмен берілген болса, Өтініште көрсетілген микрокредит сомасы Қарыз алушының шотына біржолғы тәртіппен аударылады;
- 9.1.2. Өтініш МҚҰ сату орындарында рәсімделген болса, ақша қаражаты МҚҰ кассасында қолма-қол беріледі.

9.2. МҚҰ ақшаны аударуды МҚҰ микрокредит беру туралы оң шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей (Өтініш Жеке кабинетте электрондық тәсілмен берілген жағдайда) жүзеге асырады.

9.3. Келесі жағдайларда ақша Клиентке берілген болып саналады:

- 9.3.1. Өтініш электрондық тәсілмен берілген жағдайда – МҚҰ-ның ақша қаражатын Қарыз алушының шотына нақты аударылған уақыттан бастап;

9.3.2. Өтінім МҚҰ сату орындарында рәсімделген болса, ақша қаражаты Клиентке/Қарыз алушыға берілген сәттен бастап.

9.4. Микрокредит сомасын аудару Өтініштің акцепті (офертасы), ал микрокредит сомасының аударылған күні – Шарт жасалған күн болып саналады.

9.5. Микрокредитті өтеу тәртібі Шарт талаптарында көрсетіледі.

9.6. 45 АЕК мөлшеріне дейін 45 күнге дейінгі мерзімге берілетін микрокредиттер бойынша микрокредитті өтеудің біржолғы әдісі қарастырылуы мүмкін, бұл әдіс бойынша сыйақы мен негізгі борыш сомасын өтеу Шарт мерзімінің соңында бір бірыңғай төлем түрінде немесе Шарт талаптарына сәйкес Қарыз алушы таңдаған басқа әдіспен жүзеге асырылады. МҚҰ осы Қағидаларға сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің қосымша жобаларын ұсынуға құқылы.

9.7. Микрокредит бойынша жасалған төлемдерді (терминалдар, банктер арқылы) Қарыз алушы төлемді операциялық күн ішінде (сағат 18.00-ге дейін) төлеген және төлем туралы түбіртеккі келесі күннен кешіктірмей ұсынған жағдайда, МҚҰ нақты төлем күнінде қабылдап алады. Төлем операциялық күн аяқталғаннан кейін (сағат 18.00-ден кейін) жасалған жағдайда, ақшалай қаражатты қабылдап алу келесі күнтізбелік операциялық күні жүзеге асырылады.

9.8. Қарыз алушы өмірді ерікті сақтандыру шартын жасасқан болса, МҚҰ Қарыз алушының өтініші бойынша өтініште көрсетілген Сақтандырушы деректемесі бойынша Сақтандырушының сыйақысын аударды.

9.9. Микрокредитті беру электрондық тәсілмен және МҚҰ бөлімшесінде жүзеге асырылады:

9.9.1. Микрокредитті электрондық тәсілмен беру кезінде:

-ақша қаражатының бір бөлігін МҚҰ банк шотынан Қарыз алушының өтініш-сауалнамасында көрсетілген банк/карточка шотына және ақша қаражатының бір бөлігін Қарыз алушының өтініші бойынша Қарыз алушы мен Сақтандырушы арасында жасалған жазатайым оқиғадан ерікті сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушының банк шотына аудару арқылы. Ақша қаражатын аудару осы Шартқа қол қойылған сәттен бастап 5 банк күні ішінде жүзеге асырылады.

9.9.2. Өтінім МҚҰ бөлімшесінде рәсімделген жағдайда:

-ақша қаражатының бір бөлігін МҚҰ бөлімшесінің кассаларында қолма-қол беру арқылы және ақша қаражатының бір бөлігін сақтандыру сыйақысы сомасы түрінде Қарыз алушының өтініші бойынша Қарыз алушы мен Сақтандырушы арасында жасалған жазатайым оқиғадан ерікті сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушының банк шотына аудару арқылы.

10. МИКРОКРЕДИТ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

10.1. МҚҰ келесідей міндеттері бар:

10.1.1. МҚҰ орналасқан жері өзгерген немесе атауы өзгерген жағдайда, осындай өзгерістер жасалған күннен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей, бұл туралы уәкілетті органға, сондай-ақ Қарыз алушыларға (Өтініш берушілерге) МҚҰ орналасқан жердегі екі баспасөз басылымында қазақ және орыс тілдерінде тиісті ақпаратты жариялау арқылы жазбаша хабарлау, сондай-ақ Қарыз алушы – жеке тұлғаның заңды мекенжайына хат жолдау немесе әр Қарыз алушыға жазбаша хабар беру;

10.1.2. Осы Қағидалардың көшірмесін Клиент/Қарыз алушы көре алатын және таныса алатын көрнекті жерде, соның ішінде МҚҰ qaryzzaim.kz интернет-ресурсында орналастыру;

10.1.3. Клиенттерге/Қарыз алушыларға микрокредитті алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер жасау туралы толық және анық ақпаратты ұсыну;

10.1.4. Клиентке/Қарыз алушыға оның микрокредит алуға байланысты құқықтары мен міндеттері туралы, сондай-ақ микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда орындалмаған міндеттемелердің ықтимал салдары туралы хабарлау;

10.1.5. Клиентке Шарт жасалғанға дейін (күнтізбелік 45 күннен астам мерзімге) танысып шығып, микрокредитті өтеу әдісін таңдау үшін әртүрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын ұсыну. Міндетті түрде МҚҰ Қарыз алушыға өтеудің келесі әдістерімен есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің жобаларын ұсынуға тиісті:

1) сараланған төлемдер әдісімен.

2) аннуитеттік төлемдер әдісімен.

10.1.6. Қаржылық мониторинг жүргізетін уәкілетті органға «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәліметтерді хабарлау;

10.1.7. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес микрокредит беру құпиясын сақтау;

10.1.8. Салықтар мен бюджетке басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласына басшылық ететін уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес берілген микрокредиттер бойынша активтер мен шартты міндеттемелерді жіктеу мен оларға қарсы провизия (резерв) құруды жүзеге асыру;

10.1.9. Уәкілетті орган белгілеген пруденциялық нормативтерді және сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, оларды есептеу әдістемесін сақтау;

10.1.10. Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген микроқаржы ұйымынан қарыз алушының борыштық жүктемесі коэффициентін есептеу тәртібі мен шекті мәнін сақтау;

10.1.11. Қарыз алушыны Шарттың сомасы мен талаптарының шегінде оған микрокредит беру арқылы қаржыландыру;

10.1.12. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тізбесі, нысандары, мерзімдері мен беру тәртібі уәкілетті органмен келісе отырып, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген қаржылық және басқа есептерді ұсыну;

10.1.13. Уәкілетті орган анықтаған Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзушылықтарын жою;

10.1.14. Уәкілетті органға микрокредиттерді беру жөніндегі қызметтерді бекітуге уәкілетті МҚҰ органының микрокредиттерді беру жөніндегі қызметтерді бекіткені туралы бекітілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде хабарлау;

10.1.15. Қазақстан Республикасының заңнамасында, құрылтай құжаттарында және жасалған Шарттың тармақтарында белгіленген өзге де талаптар мен шарттарды сақтау.

10.1.16. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда микрокредит беруден бас тарту;

10.1.17. Қарыз алушыларға мерзімді әскери қызмет өткеру кезеңіне және ол аяқталғаннан кейін 60 күн бойы сыйақы қоспай, микрокредиттер бойынша міндеттемесін орындауды кейінге қалдыру.

10.2. МҚҰ келесідей құқықтары бар:

10.2.1. Қарыз алушыға SMS-хабарлама, электрондық поштаға хат жолдау, телефонен қоңырау шалу арқылы жақын арада борыштық берешегін өтеу туралы, сондай-ақ Қарыз алушыға берілген микрокредитке қатысты басқа да іс-шараларды жүзеге асыру қажеттілігін еске салу;

10.2.2. Қарыз алушының келісімі болған жағдайда, Қазақстан Республикасының кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасында белгіленген тәртіпке және талаптарға сәйкес кредиттік бюро қызметін жүзеге асыру құқығын беретін лицензиясы бар кредиттік бюроларға Қарыз алушы туралы кредиттік тарихты қалыптастыру үшін қажетті ақпаратты беру;

- 10.2.3. Қарыз алушының келісімін алған жағдайда кредиттік бюролардан, «Азаматтарға арналған үкімет» МК» КЕАҚ мен басқа ұйымдардан ақпарат алу/ сұрату;
- 10.2.4. Шарт бойынша «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабының 4 және 5 тармақтарында көрсетілген тұлғаға құқығын (талапты) тапсыру;
- 10.2.5. Клиенттен /Қарыз алушыдан Шарт жасасу және Шарт бойыншамикрокредиттер беру қағидаларында айқындалған міндеттемелерін орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұрату;
- 10.2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және талаптармен Қарыз алушы туралы, микрокредиттердің мөлшері туралы, Қарыз алушыға қатысты шарттың өзге де талаптары туралы, МҚҰ жүргізетін операциялар туралы ақпаратты мемлекеттік органдардың және осы ақпаратты алуға нотариаттық түрде куәландырылған сенімхаты бар Қарыз алушының өкілдерінің сұрауы бойынша ұсыну. Қарыз алушының жазбаша келісімі болған жағдайда үшінші тұлғаға микрокредит беру құпиясын ашу;
- 10.2.7. Қарыз алушы келісім берген жағдайда оның дербес деректерін тексеру және өңдеу;
- 10.2.8. Өз қалауы бойынша Қарыз алушының дербес деректерін жоя отырып, оларды өңдеуді тоқтату;
- 10.2.9. Қарыз алушыдан жасалған Шартқа сәйкес қабылданған барлық міндеттердің тиісінше орындалуын талап ету;
- 10.2.10. Қарыз алушыға SMS–хабарламалар, электрондық поштаға хаттар жолдау, телефонмен қоңырау шалу арқылы МҚҰ маркетинг қызметі шеңберіндегі акциялар, жаңа ұсыныстар және басқа да ақпарат туралы хабарлау;
- 10.2.11. Келісім берген жағдайда Клиентке/қарыз алушыға алдын ала ескерте отырып, кредит беру, верификация процестерін бақылау мақсатында және мерзімі өткен берешекті қайтару жұмысы кезінде Клиентті/Қарыз алушыны фотоға түсіру, сондай-ақ онымен арадағы әңгімені аудио және бейнеқұралдарға жазып алу;
- 10.2.12. Кредиттік тарих субъектісі туралы оның күнтізбелік 180 (бір жүз сексен) күннен астам мерзімі өткен берешегі болуына қатысты жағымсыз ақпаратты кредиттік бюроларға беру және кредиттік бюролардан осындай жағымсыз ақпаратты алу;
- 10.2.13. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, микроқаржылық қызметпен қатар өзге де қызметті жүзеге асыру;
- 10.2.14. Қазақстан Республикасының заңнамасы мен жасалған Шарттың талаптарына сәйкес өзге де құқықтары бар;
- 10.2.15. Қолданыстағы заңнама талаптарының негізінде Шарт бойынша құқығын (талапты) коллекторлық агенттікке (микроқаржы ұйымына) тапсыру.
- 10.2.16. Қарыз алушының материалдық жағдайының нашарлағанын растайтын себептер болған жағдайда микрокредитті өтеуді кейінге қалдыру;
- 10.2.17. Шарт бойынша тиісті ішінара өтеу шартымен қосымша келісім жасасу арқылы микрокредиттің мерзімін ұзартуды жүзеге асыру. Қарыз алушы микрокредиттің мерзімі ұзартылған кезеңде негізгі борыштың қалдық сомасын қайтарады және қарызды пайдаланғаны үшін сыйақы мен өсімпұл төлейді;
- 10.2.18. Тараптардың келісімі бойынша төмендегі талаптар сақталған жағдайда Шарттың қолданылу мерзімін қазіргі немесе олардан жақсырақ талаптармен созуға (ұзартуға) болады:
- Қарыз алушы микрокредит сомасын пайдаланудың бүкіл мерзімі үшін есептелген сыйақы сомасын өтеу мерзімі өткенге дейін төлеген жағдайда, микрокредитті өтеу мерзімі микрокредит берілген мерзімге ұзартылуы мүмкін;
 - Қарыз алушы микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемесін бұзған жағдайда, Қарыз алушы микрокредит сомасын қайтару және (немесе) есептелген сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемесін бұзғаны үшін тұрақсыздық

айыбы (өсімпұл) сомасын төлейтін болса, микрокредитті өтеу мерзімі микрокредит берілген мерзімге ұзартылуы мүмкін.

10.2.19. Күнтізбелік 45 күнге дейінгі мерзімге жасалған Шарт бойынша микрокредитті өтеу мерзімі келесіде Қарыз алушы жоғарыда көрсетілген төлемдерді ұқсас талаптармен төлеген кезде ғана ұзартылуы мүмкін. Одан кейінгі ұзартылған жағдайларда микрокредитті өтеу мерзімін МҚҰ жеке тәртіппен айқындайды және Шартта көзделген сыйақы сомасын, тұрақсыздық айыбын қоса алғанда, Қарыз алушының Шарт бойынша барлық төлемдері Шарттың бүкіл қолданылу кезеңінде берілген микрокредит сомасының жартысынан аспайтын сәтте аяқталады. Қарыз алушы микрокредитті өтеу мерзімін ұзарту үшін жеткілікті сомадан артық соманы төлеген болса, ол негізгі борыштың бір бөлігін төлеуге жұмсалады;

10.2.20. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, микроқаржылық қызметпен қатар өзге де қызметті жүзеге асыру;

10.2.21. Қазақстан Республикасының резидент – сақтандыру ұйымдарының атынан және олардың тапсыруымен сақтандыру агенті ретінде сақтандыру шартын жасасу;

10.2.22. Микрокредиттер беру жөніндегі қызметке байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсету;

10.2.23. Микрокредит беру мәселесі бойынша консультациялық қызметтер көрсету туралы шарт Азаматтық кодекстің 389-бабына сәйкес жасалады. Талаптары МҚҰ интернет-ресурсында жарияланады және оларды Қарыз алушы жалпы Шартқа қосылу арқылы ғана қабылдауы тиіс. Шарттың талаптарын Қарыз алушы оларға қатысты қандай да бір ескертпе/пікір білдірместен орындауға міндетті;

10.2.24. Қазақстан Республикасының заңнамасына және жасалған Шарт талаптарына сәйкес өзге де құқықтары бар.

10.3. МҚҰ:

10.3.1. Микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған Қарыз алушыға микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін айыппұл санкцияларын қолдануға;

10.3.2. Сыйақы мөлшерлемелерін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіппен өзгертуге;

10.3.3. Микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) қоспағанда, кез келген төлемдерді белгілеп, оларды Қарыз алушыдан алуға;

10.3.4. Жеке тұлға болып саналатын, МҚҰ-ға микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған Қарыз алушыдан микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) және басқа да төлемдерді талап етуге;

10.3.5. Егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс күніне немесе мереке күніне тұспа-тұс келсе және сыйақы немесе негізгі борыш содан кейінгі жұмыс күнінде жүргізілген болса, тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін қолдануға;

10.3.6. Жеке сот орындаушыларымен ынтымақтастық туралы келісім жасасуға, сондай-ақ үлестес жеке сот орындаушысымен атқару құжатын орындау шарттары туралы келісімдер жасасуға;

10.3.7. Теңгемен берілген Микрокредит бойынша міндеттемелер мен төлемдерді кез келген валюталық баламамен байланыстыра отырып индекстеуге;

10.3.8. Нотариаттық әрекеттер жасау үшін үлестес нотариусқа жүгінуге;

10.3.9. Қарыз алушының келісімінсіз және микрокредит талаптарын сақтауды немесе жақсартуды көздемейтін талаптармен Шарттың қолданылу мерзімін ұзартуға;

10.3.10. МҚҰ мен Қарыз алушы арасындағы дауларды төрелікте қарауға, сондай-ақ төрелік құруға;

10.3.11. Жеке тұлғамен интернет арқылы оған уәкілетті органның құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен биометриялық сәйкестендіру рәсімін жүргізбей Шарт жасасуға;

10.3.12. Жеке тұлғаларға жұбайының (зайыбының) келісімінсіз уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген ең төменгі мөлшерден асатын сомаға микрокредиттер беруге;

10.3.13. «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен соттан тыс банкроттық рәсімнің немесе сот банкроттығы рәсімінің аяқталғаны туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап бес жыл ішінде Қазақстан Республикасының азаматтарына микрокредиттер беруге, сондай-ақ олардан микрокредит беру туралы шарт бойынша кепілзат, кепілдік және кепілгерлік түрінде қамсыздықты қабылдауға;

10.3.14. Қарыз алушы үшін микрокредит беру туралы шарттың талаптарын жақсарту жағдайларын қоспағанда, біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы емес.

Осы тармақтың мақсаттары үшін қарыз алушы үшін микрокредит беру туралы шарттың талаптарын жақсартуға келесі жағдайлар жатады:

- тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) азайта отырып өзгерту немесе толық жою;
- микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендете отырып өзгерту.

10.4. Қарыз алушының келесідей міндеттері бар:

10.4.1. Микрокредит беру бойынша шешім қабылдау үшін МҚҰ сұрататын құжаттар мен мәліметтерді ұсыну;

10.4.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына және жасалған Шарттың талаптарына сәйкес басқа да міндеттемелері бар.

10.5. Қарыз алушының келесідей құқықтары бар:

10.5.1. МҚҰ-ның осы Қағидаларымен танысу;

10.5.2. Микрокредитті алуға, қызмет көрсетуге және қайтаруға байланысты барлық төлемдер туралы ақпаратты қоса алғанда, Микрокредит беру тәртібі мен шарттары туралы толық және анық ақпарат алу;

10.5.3. Шарт жасасудан бас тарту;

10.5.4. Клиент/Қарыз алушы МҚҰ-ға осы МҚҰ-да микрокредит беру туралы бірінші шартқа қол қойған күнінен бастап Қарыз алушыға қатысты жинақталатын кредиттік дерекнаманы қалыптастыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынады;

10.5.5. Клиент/Қарыз алушының осы Қағидаларда, Қазақстан Республикасының МҚҰ туралы Заңында және өзге де заңдарында белгіленген өзге де құқықтары мен міндеттері бар;

10.5.6. qaruzzaim.kz сайтында орналасқан МҚҰ-ның борыштық жүктеме коэффициентін есептеу әдістемесімен танысу;

10.5.7. Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Қағидалардың талаптарына және жасалған Шартқа сәйкес өзге де құқықтары бар.

10.6. Қарыз алушының келесідей міндеттері бар:

10.6.1. Алынған микрокредитті қайтару және ол бойынша сыйақыны Шартта белгіленген мерзімде және бекітілген тәртіппен төлеу;

10.6.2. Осы Қағидаларға сәйкес МҚҰ сұрататын құжаттар мен мәліметтерді ұсыну;

10.6.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында және МҚҰ-мен жасалған Шартта белгіленген өзге де талаптарды орындау.

10.6.4. Қарыз алушы Микрокредитті алған күні оны толық өтеген жағдайда, 1 күнтізбелік күн үшін сыйақы сомасын төлеу.

10.7. Қарыз алушының келесідей құқықтары бар:

10.7.1. Микрокредитті алуға, қызмет көрсетуге және қайтаруға байланысты барлық төлемдер туралы ақпаратты қоса алғанда, Микрокредит беру тәртібі мен шарттары туралы толық және анық ақпарат алу;

10.7.2. аАлынған микрокредитке Микрокредит беру туралы шартта белгіленген тәртіппен және талаптарға сәйкес билік ету;

10.7.3. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өзінің құқықтарын қорғау;

10.7.4. Шарт бойынша берілген микрокредит сомасын МҚҰ-ға мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтару;

10.7.5. Қазақстан Республикасының заңдарында және Микрокредит беру туралы шартта белгіленген өзге де құқықтары бар.

11. КРЕДИТТІК ДЕРЕКНАМАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

11.1. Берілген әр микрокредитті МҚҰ уәкілетті қызметкері электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүргізілетін қарыз алушылар журналында тіркейді.

11.2. МҚҰ-да кредиттік дерекнама Қарыз алушы бірінші Шартқа қол қойған күні ашылады.

11.3. Кредиттік дерекнамада микрокредит алу үшін қажетті құжаттар тізбесінде көзделген құжаттар, сондай-ақ төмендегідей құжаттар мен мәліметтер болады:

- қарыз алушының өтініш-сауалнамасы;
- микрокредит алуға байланысты құжаттар;
- өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжат/жеке басын куәландыратын құжаттың деректері;
- Шарт;
- Шарт бойынша қосымша келісімдер;
- егер Өнімнің талаптарында көзделген болса, Тараптардың қолдары қойылған микрокредитті өтеу кестесі;
- нақтыланған ЖТСМ мәндерінің есептемесі (бар болса);
- МҚҰ мен Қарыз алушы арасындағы хат-хабарлар;
- шығындық-кассалық ордер;
- Шарт бойынша берешектің толық немесе ішінара өтелгенін растайтын, микрокредитті өтеу көзін (қарыз алушы аударған ақша) көрсететін құжаттар (немесе олардың көшірмелері);

11.4. МҚҰ кредиттік дерекнаманы жүргізеді, оны жаңартып отырады, сондай-ақ Қағидалардың талаптарына сәйкес құрамындағы құжаттардың толықтығын қамтамасыз етеді.

11.5. Қарыз алушымен арадағы қарым-қатынас аяқталғаннан кейін кредиттік дерекнама сақтауға беріледі. МҚҰ-да сақталуы «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт Министрінің міндетін атқарушының 29.09.2017 ж. № 263 бұйрығының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

11.6. Электрондық түрдегі құжаттар сол қалыптастырылған, жіберілген немесе алынған форматында сақталады.

12. МЕРЗІМІ ӨТКЕН БЕРЕШЕКПЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫС

12.1. Қарыз алушы микрокредит бойынша өтеу кестесін сақтамаған жағдайда, оған микрокредитті өтеу кестесіне сәйкес төлем жасалатын күннен кейінгі бірінші күннен бастап мерзімі өткен әр күн үшін Шартта белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айыбы салынады.

- 12.2. Қарыз алушының микрокредит бойынша мерзімі өткен төлемдері бар болса, МҚҰ берешекті қайтару жөніндегі жұмысты келесі тәсілдермен жүргізеді:
- 12.2.1. SMS–хабарламалар жолдау арқылы;
- 12.2.2. Электрондық поштаға ескерту (оның ішінде нарызылық) жолдау арқылы;
- 12.2.3. Телефонмен қоңырау шалып хабарлау арқылы;
- 12.2.4. Қарыз алушымен тікелей жүздесу және сөйлесу арқылы;
- 12.2.5. Қазақстан Республикасының азаматтық сотында Қарыз алушыдан микрокредит бойынша берешекті өндіріп алу;
